ISSN 2310-3353

BAITURSYNULY UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

# ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

КӨПСАЛАЛЫ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№ 4
2025

**PUBLISHINGS KSPI**

BU BAITURSYNULY UNIVERSITY

**ҚМПИ ЖАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК КГПИ**

2025 ж., қазан, №4 (80)
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

**Құрылтайшы:** ***Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті***

**Бас редактор:** ***Куанышбаев С.Б.***, география ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.
**Бас редактордың орынбасары:** ***Жарлыгасов Ж.Б.***, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

***Әлімбаев А.Е.*,** философия докторы (PhD), А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Қазақстан.
***Балтабаева А.С.,*** Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Әдістемелік орталығы» КММ, Қостанай қ., Қазақстан.
***Бережнова Е.В.,*** педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институты (университеті), Ресей.
***Емин Атасой*,** PhD докторы, Улудаг университеті, Бурса қ., Түркия.
***Зоя Микниене*,** докторы, (PhD) Литва денсаулық туралы ғылым университеті, Каунас қ., Литва Республикасы.
***Качеев Д.А.*,** философия ғылымдарының кандидаты, тарих магистрі, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.
***Ксембаева С.К.*,** педагогика ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан.
***Лина Анастасова*,** әлеуметтану ғылымдарының докторы, Бургас еркін университеті, Бургас қ., Болгария.
***Медетов Н.А.*,** физика-математика ғылымдарының докторы, «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан.
***Мишулина О.В.*,** экономика ғылымдарының докторы, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.
***Рахимова Э.Е.,*** «№ 1 мектеп-лицей» КММ мұғалімі, «Үздік педагог-2023 жыл», Қостанай қ., Қазақстан.
***Соловьев С.А.*,** биология ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университеті, Ресей.
***Скороходов Д.М.*,** техника ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.
***Скударева Г.Н.,*** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университетінің ректоры, Орехово-Зуево қ., Ресей
***Сычева И.Н.*,** ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.
***Ташев А.Н.*,** экология бойынша биология ғылымдарының кандидаты, орман шаруашылығы университеті, София қ., Болгария.
***Уразбоев Г.У.*,** физика-математика ғылымдарының докторы, Ургенч мемлекеттік университеті, Өзбекстан.

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж
Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.
Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 07.11.2023 ж.
Жазылу бойынша индексі 74081

**Редакцияның мекен-жайы:**
110000, Қостанай қ., Байтұрсынов к., 47
(Редакциялық-баспа бөлімі)
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті

КӨПСАЛАЛЫ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ | № 4 (80) 2025 | МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№4 (80), октябрь 2025 г.
Издается с января 2005 года
Выходит 4 раза в год

**Учредитель:** ***Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы***

**Главный редактор:** ***Куанышбаев С.Б.***, доктор географических наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынулы, Казахстан.
**Заместитель главного редактора:** ***Жарлыгасов Ж.Б.***, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

***Алимбаев А.Е.*,** доктор философии (PhD), Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Казахстан.
***Балтабаева А.С.,*** директор КГУ «Методический центр» Управления образования Костанайской области, г. Костанай, Казахстан.
***Бережнова Е.В.,*** доктор педагогических наук, профессор, Московский государственный институт международных отношений (университет) Министерства иностранных дел Российской Федерации, Россия.
***Емин Атасой,*** доктор PhD, Университет Улудаг, г. Бурса, Турция.
***Зоя Микниене*,** доктор (PhD), Литовский университет наук здоровья, г. Каунас, Республика Литва.
***Качеев Д.А.*,** кандидат философских наук, магистр истории, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.
***Ксембаева С.К.*,** кандидат педагогических наук, НАО «Торайгыров университет», Казахстан.
***Лина Анастассова*,** доктор социологии, Бургасский свободный университет, г. Бургас, Болгария.
***Медетов Н.А.*,** доктор физико-математических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова», Казахстан.
***Мишулина О.В.*,** доктор экономических наук, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.
***Рахимова Э.Е.,*** учитель, КГУ «Школа-лицей № 1», «Лучший педагог-2023 года», г. Костанай, Казахстан.
***Соловьев С.А.*,** доктор биологических наук, Новосибирский государственный университет экономики и управления, Россия.
***Скороходов Д.М.*,** кандидат технических наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.
***Скударева Г.Н.,*** доктор педагогических наук, профессор, ректор Государственного гуманитарно-технологического университета, г. Орехово-Зуево, Россия.
***Сычева И.Н.*,** кандидат сельскохозяйственных наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.
***Ташев А.Н.*,** кандидат биологических наук по экологии, Лесотехнический университет, г. София, Болгария.
***Уразбоев Г.У.*,** доктор физико-математических наук, Ургенчский государственный университет, Узбекистан.

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж
выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.
Переучёт периодического печатного издания 07.11.2023 г.
Подписной индекс 74081

**Адрес редакции:**
110000, г. Костанай, ул. Байтурсынова, 47
(Редакционно-издательский отдел)
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы

*современной культуры Казахстана.*

***Ключевые слова:*** *тема родины, художественный образ, художественный анализ, Султан Бейбарс.*

**Information about the authors:**

***Absadyk Almasbek Akhmetuly*** *– Doctor of Philological Sciences, Head and Professor of the Department of Philology and Practical Linguistics, Akhmet Baytursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

***Simonova Alla Sergeyevna*** *– 1st-year Master's student, "7M02304 – Russian Philology" educational program, Akhmet Baytursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

***Әбсадық Алмасбек Ахметұлы*** *– филология ғылымдарының докторы, филология және практикалық лингвистика кафедрасының меңгерушісі және профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

***Симонова Алла Сергеевна*** *– 7М02304 – Орыс филологиясы ББ 1 курс магистрі, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

***Әбсадық Алмасбек Ахметұлы*** *– доктор филологических наук, заведующий и профессор кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.*

***Симонова Алла Сергеевна*** *– магистрат 1 курса ОП 7М02304 – Русская филология, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.*

ӘОЖ 82:81-26; 82:81'38

***Қожанұлы, М.,***
*филология ғылымдарының кандидаты,*
*профессор, Қазақстан Республикасының*
*Ұлттық қорғаныс университеті,*
*Астана қ., Қазақстан Республикасы*

# АДАМНЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

*(Қ.А. Иасауидің «ДИУАНИ ХИКМЕТІ» (АҚЫЛ КІТАБЫ) шығармасы бойынша)*

***Түйін***

*Мақала әдебиетіміздегі сопылық поэзияның өкілі Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани Хикметінде» қарастырған адамның жас ерекшеліктерін қазақтың «Мен» дегізерлік қасиеттері аясында сөз етіледі. Автор, Қожа Ахмет Иасауи бабамыз Хикметінде адамның әр кезеңдерін ислам дініндегі сопылық ағымның негіздерінен іздесе, ал XVII-XX ғасырда өмір сүрген қазақтың кейбір ақын-жыраулары өмірден көрген-білген, түйген тәжірибелері арқылы бағамдағанын алға тартады. Мақала Хикметте көтерілген адамның жас ерекшеліктерін негізге алып және оны шартты түрде төрт буын (жас жігіт, аға, отағасы, жігіт ағасы) ұрпағының басынан өткен кейбір кезеңдерін салыстырмалы түрде XVII-XX ғасырда өмір сүрген қазақтың кейбір ақын-жыраулар шығармаларымен байланыстырып қарастырады.*

*Ұлы Абай да және XIX-XX ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулар да ақын бабамыз Қ.А. Иасауи мұрасымен таныс болса да, қазақ топырағында 1990 жылдарынан бастап Иасауи іліміне бет бұруы, отандық ғылымда ғылыми құбылысқа айналғаны белгілі. Келешекте қазақтың «МЕН» дегізерлік адамгершілік қасиеттерін Иасауитану ілімімен және ақын-жырау жырла-*

*рындағы адами құндылықтары қасиеттерімен сабақтастырғанда, түркі (қазақ) және әлем әдебиетінде жаңаша көзқарастармен, ғылыми тұжырымдармен дәйектеліп, ұсынылады.*

***Түйінді сөздер:*** *Қожа Ахмет Иасауи, «Диуани Хикмет» кітабы, адамның кезеңдері (жас ерекшелігі), адамгершілік қасиеттер, «Мен» ұғымы, сопылық ағымның төрт принципі: шариат, мағрифат, тарихат және хақиқат, Иасауитану.*

## 1 Кіріспе

Әлемдік тарихи-әдеби-мәдени үрдісте, соның ішінде қазақ халқының өркендеп, дамуына үлес қосқан кеше де, бүгін де әлем мойындаған ақындар мен ғалымдардан кенде болған емес. Соның бірі – Орта Азия мен Қазақстан жерінде ислам дінінің гүлденіп, өркен жаюына өлшеусіз үлес қосқан, XII ғасырда өмір сүрген сопылық поэзияның негізін салушы, күллі мұсылмандардың рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, ақын Қожа Ахмет Иасауи.

Бүгінгі қазақ топырағы Түркістан жерінде өмір сүріп, туған жер құшағында мәңгілік тыныштық тапқан, жалпы түркі жұртының, соның ішінде қазақ халқының әдеби-мәдени өміріне өлшеусіз үлес қосқан Қожа Ахмет Иасауидың «Диуани хикмет» (одан әрі – Хикмет) шығармасы кезінде шетелдік ғалымдардың, кейін өткен ғасырдың 90-жылдары отандық және дүниежүзі ғалымдарының назарында болғаны баршаға мәлім. Біз, бұдан оның шығармаларының зерттелуі мен таралу аймағын, оның ұзақ өмір сүргенін, тіпті, діни-наным сенімдері, тілдік ерекшелігі, қоршаған ортаға деген өмірлік ұстанымдары әлем ғалымдарының назарын өзіне аударғанын байқаймыз.

Орта ғасырлық түркі халықтарына ортақ мұра Қожа Ахмет Иасауи шығармасы туралы ағылшын ғалымы Дж.С. Тримингиэм, түрік ғалымдары М.Ф. Куприлизаде, К. Ераслан, совет ғалымдары А.Н. Самойлович, Е.Г. Бертельс, А.Н. Боровков, В.В. Бартольд, В.А. Гордлевский, Г.Н. Наджип, т.б. ғалымдар сөз етсе, ал қазақ халқының бірегей сәулет туындысы – Қожа Ахмет Иасауи мавзолейінің архитектуралық ескерткіші туралы М.Е. Массон, М. Бекчурин, Т.К. Басенов т.б. ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектері Иасауитануға қосылған үлес екені белгілі.

Отандық ғалымдар XIX-XX ғасырларда өмір сүрген ақын-шығармалары туралы зерттеулерінде ақын бабамыз А. Иасауидің жалпытүркілік ортақ әдеби мұрасы – «Диуани хикметі» туралы шінара сөз еткені болмаса, оны қазақ тіліне аудару, зерттеу жұмыстары соңғы жылдары қолға алына басталды. Мысалы, отандық әдебиетші ғалымдар Х. Сүйіншәлиев, Н. Келімбетов, тілші ғалымдар Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, Ғ. Мұсабаев, Р. Сыздықова, Ә. Қайдаров, М. Оразов, ақын Ж. Әбдірашев, сондай-ақ соңғы жылдары А.К. Муминов, Д.Т. Кенжетаев, Н.Ж. Сағындықова, т.б. ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар, әр жылдары өткізілген Иасауитану іліміне арналған іс-шаралар, ғылыми конференциялар оның Хикметтерін зерттеуге зор үлес қосты.

Дегенмен, А. Иасауи Хикметін қазақ тіліне аударылуы – өз алдына жеке зерттеуді қажет ететін проблема. Аталған мәселені бір-екі жолдармен түйіндесек: Қожа Ахмет Иасауи шығармасы қазақ әдебиетінде сопылық поэзиясының озық үлгісі болса да, «Хикметті» 90-жылдарға дейін қазақ тілінде шінара ғана болмаса, толық нұсқасы жүйелі түрде аударылған жоқ. Осыған орай, 1990 жылы А. Иасауи мұрасы – оның Хикметі туралы еліміздің жанашыр азаматтары С. Битеновтің аудармасы мен Х.Ж. Имажановтың кітапшасы жарық көрді. Және сондай аударманың бірі – КСРО және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, М. Жұмабаев атындағы сыйлықтың лауреаты, ақын Ж. Әбдірашев құрастырып, дайындаған «Диуани хикмет (Даналық кітабы)» кітабына кіріспе және ақын өмірі туралы мағлұмат бере отырып (1991 ж.), қазіргі қазақ көркем әдеби тіліне аударды. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында, 1993 жылы Қожа Ахмет Иасауидың «Диуани хикмет (Ақыл кітабы)» [1] қазақ тілінде жарық көрді. Ал 2004 жылы С. Битеновтің А. Иасауидің «Диуани хикмет (Даналық жолы)» атпен жарық көрген кітабының редакторы А. Сәулебектегі алғысөзінде

1993-2000 жылдар аралығында республикалық баспа беттерінде қазақ тілінде жарық көрген ақынның «Диуани хикмет» туралы кітаптар тізімін алға тартады. Олар: 1993 (Аударғ.: М. Жармұхамедұлы, т.б.).; 1995 (Ә. Жәмішұлы).; 1998 (Аударғ.: Е. Дүйсенбайұлы және М. Жармұхамедұлы, т.б., 2000 (Аударғ.: Ә. Ибатов, т.б.) [2, 5-б.].

Жоғарыдағы хронологиядан және бұл күнде барша оқырманға Қожа Ахмет Иасауидың Хикметін қазақ тілінде тұңғыш толық аударған Сыраш Битенов екенін білеміз. Сонымен, 1990 жылы С. Битеновтің аудармасы Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бірнеше нөмерінде жарық көрсе, енді бірі – шағын жинақ, үшіншісі – жеке кітап болып жарық көруі қазақ жерінде Иасауитану ілімін зерттеушілерге алғашқы кіріспесі болды десек, артық айтқанымыз емес. Сондай-ақ, елімізде Ахмед Иасауи мұрасын танып-білу, оны қоғам, халық игілігіне пайдалануы жөнінде 1990 жылы 23-27 қазан айында Түркістан қаласында ЮНЕСКО-ның бағдарламасы аясында «Яссауи әлемі» деген атпен халықаралық ғылыми конгрестің өткізілуі және 2016 жылды ЮНЕСКО бойынша «Яссауи жылы» деп жариялануы толық дәлел.

Барша түркі жұрты: «Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет», – деп, Иасауиді пір тұтып дәріптесе, ал 2024 жылы 15 наурызда Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында (Атырау қ.) сөйлеген сөзінде: «Ислам дінінің Ұлы дала төрінде таралып, тамыр жаюына орасан зор үлес қосқан, түркі әлеміндегі сопылық ілімнің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи мұраларын терең зерделеп, дәріптеуге де айрықша назар аударған жөн» [3], – дегендей, мұсылман әлемінің екінші Меккесі атанған Түркістан топырағында жатқан ұлы бабамыз Қожа Ахмет Иасауи мұралары, бұл күнде қайта жаңғыруда, қайта түлеуде екені баршаға аян.

Қ.А. Иасауи «Диуани хикметіндегі» адамның тіршілік кезеңдері, танымдық, рухани-адамгершілік идеялары.

Зерттеудің **мақсаты** мен алға қойған **міндетті** орындауда Хикметтегі адамның өмір сүру кезеңдерін, танымдық мәнін назарға алып, Иасауи ілімін зерттеушілері мен оның әлеміне қызығушылық танытып жүрген еліміздің білім-ғылым беру саласындағы түрлі сала мамандарының назарын аудару.

«Диуани хикмет» кітабының алғы сөзінде: «Сопылық әдебиеттің ірі өкілі, әйгілі ақын, кемеңгер ойшыл Қожа Ахмет Иасауи қат-қабат қайшылығы мол, күрделі кезеңде өмір сүрді» [1, 5-б.], – дегендей, әдебиетімізде ұзақ уақыт айтылмай келген суфизм, яғни сопылық поэзиясының көрнекті өкілі – Қожа Ахмет Иассауи мұраларын, яғни жоғарыда аталған Хикметте адами құндылықтың бірі жас ерекшеліктері, яғни тіршілік кезеңдері туралы айтылған ойларын танымдық тұрғыдан зерттеу – түркология, соның ішінде отандық ғылым тарихы үшін аса маңызды міндеттердің бірі деп қараған жөн.

Жинақталған материалдар негізінде ХИКМЕТТЕ сипатталған адамның өмір сүру кезеңдері мен оның танымдық белгілерінің мән-мағынасына, ерекшелігіне тоқталу – **зерттеудің мақсаты** болып табылады.

**2 Материалдар мен әдістер**

Мақалада орта ғасырда өмір сүрген (XII ғ.) Ахмет Иасауидің «Диуани Хикмет» (Ақыл кітабы) кітабында (1993) кездесетін адамның жас ерекшеліктеріне қатысты ілімдері негізге алынды. Материалдарды зерделеу барысында XVII-XX ғасырда өмір сүрген қазақтың ақын-жыраулар шығармаларымен бірге, Иасауи мұраларын зерттеуге қатысты отандық ғалым-дардың көзқарастары мен республикалық/ халықаралық ғылыми конференция материалдары назарға алынды•. Сонымен қатар ғылыми-ақпараттық база деректерін пайдалана отырып, салыстырмалы-талдау әдістері қолданылды.

•Ескерту: зерттеу материалдарында қолданылған әдебиеттерден басқа, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті кітапханасы дайындаған Қожа Ахмет Иасауи шығармалары мен оны зерттеуші ғалымдар еңбектері туралы көрсетілген библиографиялық көрсеткіштегі (Құраст.: Р.С. Тукенова - Шымкент, ОҚМПУ кітапханасы. - 2023. - 16 б.)

**3-4 Нәтижелер мен талқылау**

Зерттеуге негіз болған А.Иасауи Хикметінде сипатталатын адамның жас ерекшеліктерін XVII-XX ғасырда өмір сүрген қазақтың ақын-жыраулар өлеңдерімен сабақтастыра отырып, оның танымдық бағыты әлі де толық зерттелмегені назарға алынды.

*Оқырман назарына:* зерттеуге негіз болған мәселеге талдау жасаудан гөрі ақынның тегі ретінде қалыптасып кеткен Иасауи атауын бір-екі ауыз сөзбен айтсақ, жалпы қазақ жерінде мирас болған Қ.А. Иасауи заманынан күні бүгінге дейін сақталып келген Түркістан атауы туралы академик В.В. Бартольдтің айтуынша Түркістан VI ғасырдан XV ғасырға дейін Иасы деген атпен, ал оған дейін Шауғар деп аталған.

Біз, бұл жерде Иасы, Шауғар атаулары хақында «Қазақ этнонимдер жүйесі» атты монографиямызда сөз еткендіктен қайталап жатпадық [4, 96-99-б.].

Зерттеу нысанамызға орай, Иасауи ілімінің кешегі мен бүгінгі ұрпақтары арасындағы сабақтастығына мән беріп, ақынның адамның жас ерекшеліктеріне қатысты көзқарастарымызбен ой бөлісуді жөн көрдік.

Қожа Ахмет Иасауи бабамыз: «Менің хикметтерім Алладан пәрмен, Оқып ұққанға бар мағынасы: құран» [1, 119-б.], – деп айтқандай, Хикметте бастан-аяқ ақыл-өсиет, үлгі-өнеге, адамгершілік тұрғыда жырланған өлең (хикмет) жолдарын төрт принципі• *шариғат, тариғат, мағрипат және хақиқат/ақиқат (астын сызған-біз)* тұрғысында қарастырып, құрылымы жағынан қазақтың он бір буынды қара өлеңімен берілгенін байқауға болады.

Тіліміздегі **Хикмет/Хікмет** сөзі Құран Кәрімде: «терең сыр, даналық, керемет, ғажайып, көмескі маңыз» [5, XX-б.],- мәнінде келетінін алға тартса, ал Ахмет Иасауи: «Хикмет (а.) – данышпандық, даналық; ғылым, білім, ілім, философия» [1, 251-б.], – дегендей, өз еңбегін (шығармасын) «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) деп атайды. Алайда, ақынның Хикметтер саны туралы әр түрлі пікірлер бар: бірі – 149 хикмет деп, оның 109-і Иасауидікі десе [6, 189-б.], ал жоғарыда аталған кітапта 69 хикмет – 3486[1•] жолдан және Алла Тағаланың мейіріне мінәжат хикметі – 68 жолдан, яғни соны қосқанда, 70-хикметтен тұрады. Бір қызығы: Хикметте Отыз алты жасты сөз етпеген.

*Ақпарат ретінде:* Қазақ ұғымында адамның әр мүшелін (12 жылды бір цикл) жаңа кезең деп есептеп, бұл кезеңде адамдар түрлі физиологиялық, психологиялық және өмірлік өзгерістерді бастан кешіретініне қарап, мүшел жасты қауіпті деп санаса керек. Ал ақын 36-жасты сөз етпеуі, біздіңше, адам осы жасқа дейін меңгерген кәсіби, отбасылық не басынан өткен түрлі жағдайларға шыдай алды ма, жоқ па? Сөйтіп, Хикметте 36-жаста, яғни орта жас дағдарысының алғашқы сатысынан аман-есен өткенін және кейбір сәттерін жұмбақ күйінде ұстағанын көруге болады. Олай болса, қазақи ұғымда адам өміріне қауіпті деп саналатын 37-жасқа аман-есен жеткенде алдын қойған мақсаттарын тағы бір рет қарау, ақыл тоқтату мәнін меңзесе керек. Сонымен, мүшел жасты адам өмірінің бір белесі, бір кезеңі деп қараған жөн.

Ақын Хикметінде адамның тіршілік кезеңдерін (жасын) 2-8 хикметтері аясында сөз етеді. Мұндай үндестік қазақ ақындарында, соның ішінде XVII-XX ғасырда өмір сүрген қазақтың ақын-жыраулар [7] жырларында, ұлы Абай да, сондай-ақ, қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев өлеңдерінде де көрініс тапқанын байқаймыз. Және материалды зерделеуде Хикметте айтыс жанры үлгісін (50-хикмет) кездестірдік. Мұның өзі қазіргі дәстүрлі айтыстың бастауы сонау Хикметте де көрініс табуы, қазақтың айтыс өнері ертеден қалыптасқан іргелі жанр екенін анық аңғарамыз.

Мақала көлеміне орай, Хикметті зерделегенде ақын өмірін іштей: *біріншісі* – жастық шақ, *екіншісі* – жігіттік шағы, *үшіншісі* – ғұлама болып, әулиелік дәрежеге көтерілуі, – деп

---

әдебиеттер және «Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Яссауи» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (Астана қ. әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2024.) назарға алынды.

•біз атаған *принцип* сөзін, кейбір зерттеушілер *мақам, ғақлия* деп те атайды.

[1•]Ескерту: Жинақты құрастырушы авторлар 25-26 хикметтегі жолдар құран аятынан тұратындықтан аударылмағанын алға тартып, барлығы: 3486 жолдан тұратынын көрсетеді.

үш кезеңі аясында қарастыруға болады. Біздіңше, ақынның үш кезеңін Хикметінде айтылған адамның жасына қатысты ілім, ақыл-ойлары жолдарын толық беруді мақсат етпей, оны XVII-XX ғасырда өмір сүрген қазақтың кейбір ақын-жыраулар суреттеген әрбір жастың басты қасиеттерімен салыстыра отырып, шартты түрде төрт буын *(бозбала, (жас жігіт), дүр жігіт (аға), отағасы, жігіт ағасы)* [8] ұрпағының басынан өткен кейбір кезеңдері ретінде қарап, әрі қысқа, әрі нұсқа түрінде төмендегі кестемен беруді жөн көрдік.

| **Қожа Ахмет Иасауи Хикметінен үзінді** | **Ақын-жырау өлеңдерінен♦ үзінді** |
|---|---|
| ***Бозбала, жас жігіт (20 жас және 30 жас аралығын қоса алғанда)*** | |
| Он сегізде шілтенменен шарап іштім,<br>Зікір айтып, әзір боп көкейім тесті.<br>Он тоғызда жетпіс мақам айқын болды,<br>Зікір айтып, іш сарайым таза болды.<br>Жиырмаға жасым жетті, етті мақам,<br>Билхамдилла қызметін қылдым тамам [1, 24-б.].<br>Мен жиырма екі жаста толысып жігіт болдым,<br>Шипа болып, шын дертке дауа болдым.<br>Ей, достар, жасым жетті жиырма үшке,<br>Тағатым жоқ жалған іс пен даукестікке [1, 25-б.].<br>Жиырма алты жасымда «сауда» қылдым,<br>Мансұр сипат дидар үшін талас қылдым.<br>Мен жиырма сегіз жасымда ғашық болдым,<br>Жаннан кешіп, мехнат тартып <u>садық болдым</u> *(астын сызған-біз)* [1, 26-б.].<br>Жиырма тоғыз жасқа кірдім, халім харап,<br>Ғашық жолында бола алмадым <u>мысал топырақ</u> *(астын сызған-біз)* [1, 27-б.]. | *<u>Бұқар жырау Қалқаманұлы (XVII):</u>*<br>Жиырма деген жасыңыз<br>Ағып жатқан бұлақтай [7,102-б.].<br>*<u>Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) (XVIII):</u>*<br>Жиырмадағы жасым-ай,<br>Көлге біткен құрақтай [7,165-б.].<br>***<br>Бой түзеп жиырмада сылақтаймын [7, 166-б.].<br>***<br>Жиырмаға келген соң<br>Жын қуалап ақтадым.<br>Жиырма беске келген соң<br>Жақсыларды жақтадым [7, 151-б.].<br>***<br>Жиырмада құрып өттім жігіт салтын,<br>Ойламай еш нәрсенің алды-артын.<br>Бар болса елде сұлу менікі деп,<br>Болмапты еш нәрседен сонда парқым [7, 161-б.].<br>*<u>Мәделі Жүсіпқожаұлы (XIX)</u>*<br>Жиырма жас ақ алмастай жалтылдайды,<br>Көргенде көздің жауын тартып енді-ай.<br>... Жиырма бес барлық жастың алтыны еді-ай<br>Барында қызығының қиялай бас,<br>Жігіттік оралмайды қайтып енді-ай [7, 71-б.]. |
| ***Қорытынды:*** | |
| **ЖИЫРМА-ОТЫЗ ЖАС АРАЛЫҒЫ** | |
| Ес білгеннен бастап, «Аллаға» деген сенімі және үнемі қорғап жүрген адамы (шілтен) арқасында «Мен» деген ұғымның жаман қылықтарынан бойын аулақ салып, ішкі жан дүниесінің тазаруына көңіл бөлуі;<br>Жастықпен зікір айтып, өлең айтып (мақамдап), шарап ішіп, сауда жасап, Алланың дидарын көру үшін жалбарынып, халі нашарласа да, өзіне Алланың жолы медеу болғанын жете түсінуі;<br>Ортадан көрген-білген, алған ілім-біліміне мән беріп, өзін-өзі тануы арқылы әр істі бастап, аяғына дейін төзімділікпен жеткізуге талпынуы;<br>Бұл жаста жігіт болып, бәрін дос санауы, жігіттік шақта ғашық болу азабын тартса да, дертке дауа болудың жолын іздеп, әділ болу үшін жалған іс пен даукестіктен аулақ болуы; | Бұл жаста әлі өзін толық тани алмай, ортадан көрген-білгеніне мән бермей, бәрін дос санауы, болмашы нәрсеге қуануы;<br>Жастықтың желегіне еліктеп, дархан көңілімен, әр істі бастап, аяғына дейін жеткізе алмай, тек «мен, менікі» деп, өмірдің парқын жете түсінбей шалқып жүрген бозбала, жас жігіт;<br>Адами құндылықтарды білсе де, оларды толық меңгере алмауы;<br>Барлық жастың сұлтаны «Жиырма бес», жігіттік шақ енді қайтып оралмайды деп, сол күнді сағынуы;<br>«Мен» арқылы «өзіне» деген сенімі үстем болып, қателікке бой алдырып, тұйыққа тірелген кезде психологиялық жағдайға дайын болмауы. |

♦Ескерту: бұл жерде Хикмет пен ақын-жыраулардың адамның жастық кезеңдеріне арналған өлеңдерінің әрбір жолдарына талдауды мақсат етпей, тек олардың айтайын деген негізгі ойын сақтай отырып, шартты түрде салыстырып қарауды жөн көрдік.

| | |
|---|---|
| Бұл жерде, асты сызылған «садық болдым» деген тіркесін «шыншыл, әділ» мәнінде қарап, «әділ адам» тұлғасын, ал «мысал топырақ» тіркесінен: ақынның дүниетанымынан ерте ме, кеш пе адам баласының топыраққа қайта оралатынына тоқталып, «топырақ адам» тұлғасын бейнелейді. | ***Түйіні:***<br>«Мен – менікі», «тек мен» деген ұғымның қалыптасуы;<br>Қазақтың «Тәуекел түбі – қайық, мінесің де өтесің» деген принципті ұстануы. |
| ***Дүр жігіт, аға ( 30 бен 40 жас аралығын қоса алғанда)*** | |
| Отыз жаста отқа қақтап күйдірді,<br>Күллі әулие жиылып дүниехорлықты қойдырды.<br>Сауда қылдым, жазығымды құдай кешірді,<br>Отыз екі жасымда жетті хақтан пәрман,<br>Пенделікке қабыл еттім, қылма арман [1, 27-б.].<br>Отыз үште сақи болып шарап үлестім,<br>Тостаған толы шарапты тоя іштім.<br>Отыз төртте ғалым болып, дана болдым,<br>Хикмет айт деп субхан айтты, күйіп-жандым.<br>Отыз бесте мешіт кіріп дәурен сүрдім,<br>Шәкірттерге ғашық дүкенін шексіз құрдым.<br>Отыз сегіз жасқа кірдім, ғұмырым өтті,<br>Жыламай-ақ өлер уақтым жуық жетті [1, 28-б.].<br>Отыз тоғыз жасқа кірдім, қылдым қасірет,<br>Уә, дариға, өтті ғұмырым, қане тағат.<br>Құл Қожа Ахмет, қырыққа кірдің нәпсіңді тый,<br>Мұнда жылап, ақыретте есіңді жый,<br>Иман-шариғат, мәні-тарихат,<br>Құдай деген хақтан үлес алды, достар [1, 29-б.]. | *Бұқар жырау Қалқаманұлы:*<br>Отыз деген жасыңыз<br>Жарға ойнаған лақтай [7, 102-б.].<br>*Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы)*<br>Отыздағы жасым-ай,<br>Таудан аққан бұлақтай [7, 165-б.].<br>***<br>Отызда ағып жатқан бұлақтаймын [7, 166-б.].<br>***<br>Отыз жасқа келген соң<br>Әр ісін сүйіп мақтадым [7, 151-б.].<br>***<br>Отызда ор қояндай арыстадым,<br>Болса да қайдан дүбір қалыспадым.<br>Бүркіттей тасқа қонған талап етіп<br>Алдында хан-қараның қарыштадым [7, 161-б.].<br>*Мәделі Жүсіпқожаұлы*<br>Жиырма алты мен отыздың аралығын<br>«Орда бұзар жас» дейді халқым енді-ай<br>От басы емес, жалпы елдің қамын жесең,<br>Соңынан дос-жаран боп халқың ерді-ай [7, 71-б.].<br>*Құлтума Сармұратұлы (XIX)*<br>Жиырмадан шыққаннан соң отыз бардық,<br>Сол кезде қабындады ұрлық-қарлық,<br>Шұбардың арғымағын місе тұтпай,<br>Ат бар деп текежаумыт, Шамбыл бардық [7, 236-б.]. |
| ***Қорытынды:*** | |
| **ОТЫЗ-ҚЫРЫҚ ЖАС АРАЛЫҒЫ** | |
| Бұл кезеңде адами құндылықтардың қайнар көзі өзі таңдаған төрт принципінің айналасында ойын өрбітіп, «білсем, үйренсем», өзгеге үйретсем деуі;<br>Бұл жаста алған білімінен өзінше ой түюі және ғалым болуы, шәкіртке ұстаз болуы, мырза, жомарт болуы арқылы алға қойған мақсатын әр бағытта кеңейтуі, дамытуы;<br>Бұл кезде орынсыз әрекеттерге бой ұрмай, ақыл-есін жиып, нәпсіні тиіп, имандылық пен адамгершілікке, дұрыс (хақ) жолға, өзін-өзі тануға бет бұрып, өмірден өз орнын алуға әрекеттенуі;<br>Осы жасқа дейін меңгерген кәсіби, отбасылық не басынан өткен түрлі психологиялық жағдайларға төтеп беруі, алға қойған мақсаттарына тағы бір рет қарап, ой елегінен өткізуі;<br>Қазақтың «сақтансаң сақтанармын» деген мә- | Бұл кезде ақыл тоқтату кезеңін басынан өткізіп, әр істі қолға алып, сол арқылы «білсем, үйренсем» деп ойын әр саққа жүгіртуі;<br>Дос пен дұшпанын толық ажырата алмауы, «дос» деп жүргені алдамшы болуы;<br>«Адамның күні адаммен» дегендей, адамдарға деген сенімін қалыптастыруы;<br>Ортада көрген-білгенін өз іс-әрекетіне пайдалануы, одан өзінше ой түюі, түрлі психологиялық жағдайларға төтеп беруі;<br>Қазақтың «сақтықта қорлық жоқ», «сақтансаң сақтанармын» деген мәтелдерге үнемі мән бермей, түрлі жағдайды бастан кешіріп, 50х50 пайдасы мен зиянын көруі;<br>Адами құндылықтарға мән беруі немесе қазақтың «алаған қолым береген» немесе «берсем аламын» деген ұғым-түсінікті бойына сіңіру |

| | |
|---|---|
| телге мән берсе де, әрбір жасаған қателіктері үшін құтылудың жолы – кешірімі мол, бір Аллаға сиынып, медет етуі.<br>Бұл жерде, иманы – дінге, мәні – сопылық ілімде деп, асты сызылған «құдай деген хақтан» жолынан ұққанымыз: ақын құдайдан қорқу арқылы хақты (дұрыс жолды) тану, яғни өзін-өзі тану жолы дегенді меңзейді. | кезеңі.<br>***Түйіні:***<br>«Мен – менікі» деген ұғыммен бірге, енді «біз – біздікі» ұғымды санасына ауызбірлік, ынтымақ арқылы әбден қалыптастыруы;<br>Адамның күні адаммен дегендей, қазақтың «Баланың жеті де тісі түседі, Жетпісте бір-біріне ісі түседі» деген нақылын басты қағида етіп ұстануы. |
| ***Ер түлегі, отағасы, әке, көке (40 пен 50 жас аралығын қоса алғанда)*** | |
| Қырық бірімде ықлас қылдым жол табам деп,<br>Жарандардан әр сыр көрсем мен жабам деп.<br>Қырық екімде шәкірт болып жолға кірдім,<br>Ықлас қылып жалғыз хаққа көңіл бердім.<br>Қырық төртімде махаббаттың базарында,<br>Жағамды ұстап жылап жүрдім гүлзарында.<br>Қырық бесімде сенен қажет тілеп келдім,<br>Тәубе қылдым, әр іс қылдым, қате қылдым [1, 30-б.].<br>Қырық сегізде ғазиз жаннан безер болдым,<br>Күнә дерті ауру қылды, кесел болдым.<br>Қырық тоғызда ғашық болып күйіп-жандым.<br>Мәжнүндей туған-туыстан қашып тындым.<br>Елуімде ермін дедім, дәрменсіздік,<br>Қан төкпедім көзімнен баурымды езіп [1, 31-б.]. | <u>*Бұқар жырау Қалқаманұлы:*</u><br>Қырық деген жасыңыз<br>Ерттеп қойған құр аттай [7, 102-б.].<br><u>*Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы):*</u><br>Қырықтағы жасым-ай,<br>Қырымдағыға көз салған,<br>Байлаулы тұрған құр аттай [7, 165-б.].<br>***<br>Қырқымда қынаптағы қылыштаймын [7, 166-б.].<br>***<br>Қырық жастан асқан соң,<br>Артық айтқан сөздерім,<br>Сенен де пайда таппадым [7, 151-б.].<br>***<br>Қырық та бір жас екен, қырдан астым,<br>Көңілді тасып жүрген әрең бастым.<br>Жанасып жақсылармен әзіл айтып,<br>Арада сол секілді орындастым [7, 161-б.].<br><u>*Мәделі Жүсіпқожаұлы*</u><br>Қырқында қыр басына шыққандайсың,<br>Ойдағы мақсатыңды айтып енді-ай.<br>Қақ жарған қара қылды әділ болсаң,<br>Атаңың жайылады жалпы елге-ай [7, 71-б.].<br><u>*Құлтума Сармұратұлы*</u><br>Отыздан шығып бардық дәл қырыққа,<br>Сол күнде таныс болдық талай жұртқа,<br>Буынып, алмас қылыш қолыма алып,<br>Қайратқа шыдай алмай шықтық сыртқа [7, 236-б.]. |
| ***Қорытынды:*** | |
| **ҚЫРЫҚ-ЕЛУ ЖАС АРАЛЫҒЫ** | |
| Бұл кезде өзін тану арқылы халықты тану жолында бойындағы жинаған ілім-білімін, адамгершілік қасиеттерін, тәжірибесін құран мен шариғат заңдарын, діни қағидаларымен ұштастырып, айналасына, елге, қоғамға пайдасын тигізуді басты принципке айналдыруы;<br>Өтірік пен екіжүзділіктен сақтану жолы, өзөзіне иман келтіріп, Аллаға жақындауы арқылы көрген-білгені мен түйгенін, жетістігі мен кемшін тұстарын діни және жалпытүркілік (қазақи) қасиеттерін жан-жақты сіңіре білуі, өзінше ой қорытуы;<br>Бұл жаста тәубе ету, ғашық болу, қателік жасау, туғаннан безу, қашу, күнәға батып ауру дертіне | Бұл кезде ақыл тоқтатқан, оңы мен солын, кімнің кім екенін ажыратқан, орта жастағы әке көрген-білген, жиған-түйген тәжірибелерінен өзінше ой қорытып, өз ісіне пайдалана білуі;<br>Алға қойған әрбір істің басы мен аяғы бар, бірақ та әлі де тиімді жолдарын іздестіріп, әрбір істі ой елегінен өткізіп, жетістігі мен кемшін тұстарын толықтыруы;<br>Бұл жаста ортаның іс-әрекетіне бағынып, елге, қоғамға пайдасын тигізуді басты принципке айналдыруы;<br>Қазақтың «берсем аламын» деген ұғым-түсінікті және «Мен» дегізерлік қасиеттерін өмірден көргені мен түйгенін бойына толық сіңіріп, |

| | |
|---|---|
| ұшырап, өзін қанша мықты батырмын десе де дәрменсіздік танытуы;<br>Ұлы Абай: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас,..» – дегендей, әрбір жасаған іс-әрекетіне Алладан медет тұтуы. | толық аяқталуы;<br>Абайдың «Асығыс түбі – өкініш, Ойланып алмақ – сабыр сол...» дегендей, әрбір іске сабырлық танытып, түрлі жағдайларға дайын болуы.<br>***Түйіні:***<br>«Біз – біздікі» деген ұғым арқылы әрбір іске мән беріп, ынтымақ, бірлікте қалыптасуы;<br>Қазақтың «Бұғының мүйізі қарағайдай, өзіне қаңбақтай» деген қанатты сөзін өз ісі өзіне лайықты екенін басты кредосы етіп алуы. |
| ***Жігіт ағасы, ақсақал, ата (50 мен 60 жас аралығын қоса алғанда)*** | |
| Елу екі жаста кештім мүлік-малдан,<br>Мал-мүлкім не тұрады бір жанымнан.<br>Елу төртте жан дүнием зар жылады,<br>Ғылым-білім майданында бас айналды.<br>Елу алты жасқа кірді мұңлық басым,<br>Тоба қылдым, ағар ма екен көзден жасым.<br>Жарандардан ләззат алмай көңілім қалды,<br>Елу жеті жаста ғұмырым желдей есті,<br>Ей, достар, амалсызбын басым қатты [1, 32-б.].<br>Көзім жұмып ашқанша жетті алпыс,<br>Белді буып қылмадым бір жақсы іс.<br>Ертелі-кеш бейғам жүрдім жаз және қыс.<br>Алпыс бірде шермендемін, илаһымнан,<br>Иә, достар, көп қорқамын күнәлардан,<br>Жаннан кешіп, пана тілеп құдайымнан.<br>Алпыс екі жаста Алла мені жерге тартты,<br>Бастан-аяқ надандықтан азат етті.<br>Жан мен ділім, ақыл-есім Алла деді,<br>Алпыс үшке хабар келді: құлым жерге кір деген,<br>Жаныңменен, жананыңмен шыбын жанды бер деген [1, 33-б.].<br>Көңіл семсерін қолға алып, нәпсіні қыр деген,<br>Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!<br>Құл Қожа Ахмет, нәпсіні тептім, нәпсіні тептім,<br>Одан кейін сүйгенімді іздеп таптым.<br>Өлмес бұрын жан бермектің дертін таптым,<br>Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!<br>Таң сәріде дүйсенбі күн жерге кірдім,<br>Мұстапаға қайғы тұтып кірдім міне,<br>Алпыс үште сүндет деді естіп білдім,<br>Мұстапаға аза тұтып кірдім міне [1, 34-б.]. | *Бұқар жырау Қалқаманұлы:*<br>Елу деген жасыңыз,<br>О да бір көшкен ел екен.<br>Алпыс деген жасыңыз<br>Қайғылы-мұңлы күн екен [7, 102-б.].<br>*Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы):*<br>Елуде әр жұмысты жұмыстаймын [7, 166-б.].<br>***<br>Елу жасқа келген соң,<br>Пірдің сөзін сақтадым.<br>Алпысқа жақын келген соң,<br>Өлімнен хабар жетер деп,<br>Тәуба қылдым тоқтадым [7, 151-б.].<br>***<br>Алпыс жаста тай жеген бөрідеймін [7, 166-б.].<br>***<br>Елу – ердің жасы екен,<br>Алпыс – бір сұмдықтың басы екен [7, 166-б.].<br>Елудегі жасыңыз<br>Қайта көшкен ел екен,<br>Алпыстағы жасыңыз,<br>Қоңыр салқын күн екен [7, 165-б.].<br>***<br>Елу де бір жас екен есептеулі,<br>Есептеп елдің жөнін білсек дейді,<br>Кешегі жиырма бес жас қайтып келіп,<br>Көңілім бұрынғыдай жүрсек дейді [7, 161-б.].<br>Алпыста ал бөрідей заман болар,<br>Қартайсаң ақылың да шабан болар.<br>Жетпісте жер таянбай тұра алмайсың,<br>Дауасыз бұл кәрілікке не амал бар [7, 161-162-б.].<br>*Мәделі Жүсіпқожаұлы*<br>Қырық бес ассаң елің елеңдейді,<br>Елуді есі жарым елемейді.<br>«Елуді – ердің жасы» десе-дағы,<br>Қайратың бұрынғыдан төмендейді [7, 71-б.].<br>Елуден елу беске жеткеннен соң,<br>Сыздайды жүйке тамыр денең дейді.<br>Қариялар алдыңдағы қайтқан қаздай,<br>Қоштасып кезегімен жөнер дейді.<br>Ақсақал, ел ағасы атанады,<br>...Алпыс келіп қолыңнан жетелейді, |

| | |
|---|---|
| | Таныстырып қоям деп піріңменен,<br>Қуатың бойыңдағы жиналады,<br>Алпыс бесте аузыңа, тіліңменен [7, 71-б.].<br>*Құлтума Сармұратұлы*<br>Елуде қол тапсырдым, кәміл-пірге,<br>Болсын деп бір шапағат күнәмізге.<br>Күнәм – көп, сауабым – аз, мен бір пақыр,<br>Қанағат айт деп қақсар қайран тілге [7, 237-б.].<br>Елуден шыққанынан соң келді алпыс,<br>Жігіттік кәрілікпен қылды тартыс.<br>Алпыста жетпіс келіп күш берген соң,<br>Жігіттік қош айтысып, қалды қалыс [7, 237-б.]. |
| ***Қорытынды:*** | |
| **ЕЛУ-АЛПЫС ЖАС АРАЛЫҒЫ** | |
| Бұл жаста «Малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы», – дегендей, арын жоғары қойып, ақыл тоқтатып, көрген-білген, жинаған тәжірибелерінен өзінше ой қорытса да, әлі де бір шешімге келе алмай, әне-міне, дегенше алпыс жасқа келуі;<br>«Мен» деген жаман қасиеттерден аулақ болып, діни түсінікті бойына жан-жақты меңгерген жігіт ағалық (аталық) дәрежеге жетуі;<br>Абайдың «Асығыс түбі – өкініш, Ойланып алмақ – сабыр сол...» дегендей, әрбір іске сабырлық танытып, алған қойған мақсаты – жер астына түсуі жолын жан-жақты ой елегінен өткізуі;<br>«Қамшының сабындай ғана қысқа өмірде», өзін-өзі таныған адам ақиқатты да тауып, сол өмірге, қоғамға қызмет етудің құндылықтарын, жолдарын құран мен шариғат заңдарынан іздеуі;<br>Әрбір істің басы мен аяғы бар, осы жасқа келгенше Аллаға қызмет еттім бе, жоқ па, оны бір Алла біледі,- деп, ғұламалық, әулиелік дәрежеге көтерілуі;<br>Енді қалған өмірін Алланың жолына арнап барға қанағат тұтып, дүйсенбіде кірдім жерге деп («қылует» – арабша «оңашалану» немесе «жер астына түсуі»), өзі ұсынған төрт принципі негізінде Алла жолын насихаттауға қызмет етуі. | Бұл кезде қазақтың «Мен» дегізерлік қасиеттерін бойына жан-жақты меңгерген, елге, қоғамға пайдасын тигізген ел ағасы;<br>Осы жасқа дейін басталған істің басы мен аяғын одан әрі бірнеше бағытта негіздеп, дамыту жолдарынан қарастырылған, әрбір атқарылған істің негізінде бай тәжірибелерін жинақтауы;<br>Әрбір іске қанағат тұтып, оны білімді, сауатты басқаруы, ұрпағына ақыл-кеңесін айтып, аманат етуі;<br>Өткен «қайран жиырма бесті» сағынған, бұл күнде егде жасты мойындағысы келмесе де, соған бейімделіп, әр мәселеге ресми және биресми ретінде қарап, бой алдырған жігіт ағаның, атаның қалыптасуы;<br>«Елу – ердің жасы» дегендей, біреуге – әке, ақылшы, енді біреуге қамқоршы, өмірде, қоғамда өз орны бар, жігіт ағасы;<br>«Тау қанша биік болса да – күн астында, Адам қанша биік болса да – заң алдында»,- деген мақалды жете түсінген, Алла алдында жауапты екенін сезінген жігіт ағасы, ел ағасы;<br>«Таң атады, кеш батады»- дегендей, адам өмірінің тез өтетінін меңзеп, алпыста, одан соң жетпіс, сексен, тоқсан, жүзге келсе де дүниені жаратушы Алла екеніне көзі жеткен, Аллаға мойынұсынған ақсақал, ел ағасы, қариялар.<br>***Түйіні:***<br>Бай бол, кедей бол, Алла алдында жауаптысың деп, «мен/біз (менікі/біздікі) – сен/сіз (сенікі/сіздікі) – ол/олар (онықі/олардікі)» ұғымдары арқылы «Өз еліңе қызмет етуді ұмытпа!» деп, жаңа буынды тәрбиелеуге мән беруі;<br>«Сабыр түбі – сары алтын», «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген қазақ нақылын басты кредосына айналдыруы. |
| **ЖАЛПЫ ТҮЙІН:** | |
| Жоғарыда жолдардан үнемі адамға: бұл дүниеде жақсылықты жасау, әділ болу, ешбір жанға зиянын тигізбеу, дүниеқұмар болмау, жаман сөз айтпау, кемтарларға жәрдемдесу, барға қанағат | Жоғарыда ақын-жыраулар жырларындағы адами құндылықтарда ЕҢБЕК шешуші фактор екенін жіті байқасақ, үшінші мыңжылдықта ЕҢБЕКтің рөлі ұлттық менталитет ретінде әрбір |

| | |
|---|---|
| ету, тағдырдың ісіне көну, үлкендердің сөзін тыңдай білу, сезім мен нәпсіні тию т.б. қайта-қайта ескертіп отырады;<br>Адам: 1-ден, Алланы тануы, 2-ден, оның дәріптелуі, 3-ден, күнәлар мен әділетсіздікті болдырмауы, 4-ден, жаман әдеттен бас тартуы (дүниеден) жолдарынан өтсе, бір табан құдай жолына жақындайды деп санайды.<br>Хикметте қазақтың «Мен» дегізерлік қасиеттерін ислам әлеміне бет бұрған халық барлық жақсылықтың бастаушысы деген ойды айтады. Біздіңше, адам баласы жарық дүниеге келіп, өзін-өзі таныған сәттен бастап, жақын мен жатты, «менікі – сенікі – оныкін» өзгеге таныту да, ақын тілімен айтқанда, ол дүние мен бұл дүние арасын «Табиғат – Адам – Қоғам (Орта)» бәрі жаратушының нәтижесі деп тануын, үштікаралық қарым-қатынасы тұрғысында қарағанын байқаймыз. | адам үшін біртұтас, әрі бөлінбейтін отбасы деп, ой түюге болады.<br>Сонымен қатар, өлең жолдарынан шартты түрде алынған төрт буын ұрпағының басынан өткен кезеңдерінен өзіне тән мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, қарым-қатысы, іс-әрекеті, адамгершілік, т.б. ерекшеліктерін (имидж-бет-бейнесін) сипаттаған ақын-жыраулар қазақтың «Мен» дегізерлік қасиеттері арқылы жүйелей отырып, соңында, жаратушы Алла екеніне, бәрі Алланың қолында деген оймен түйіндейді. |

Жоғарыдағы кестеден байқағанымыздай, адамның әр кезеңі (жас атауы) қай қоғамда болмасын АДАМ және ЕҢБЕК, АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ қалыптастыру құралы ғана емес, қоғамның және әлеуметтік ортаның дамуына мән беру арқылы өзін-өзі ізгілікке, адамгершілікке, т.б., яғни Абайша, «бес нәрсеге асық, бес нәрседен қашық» болуға тәрбиелеу деген сөз. Екінші сөзбен айтқанда, Хикметте Аллаға сиынып, оның қадір-қасиетін, құдіретін білу, тану арқылы адами құндылықтарды елдің мүддесі мен ұлттың рухани-адамгершілік, тәлім- тәрбие тұрғысында қарау керектігін алға тартады.

Жұмысты зерделеуде, Хикметте сипатталған адамның әр кезеңдері мен ақын-жыраулардың өлең жолдарынан, біз қарастырған төрт буын ұрпақтардың бойындағы басты қасиеттерді Ақан сері Қорамсаұлы «Айтамын, замандасқа біраз кеңес» атты [7, 317-321-б.] өлеңінде өзі өмір кезеңмен салыстыра отырып, шартты түрде он үш түрге бөліп, әрқайсысына жеке-жеке тоқталған болатын. Біз, кезінде ақын-жыраулар жырларын Ақан сері сипаттаған он үш түрлі қасиетті қазақ бизнесінде жүрген кейбір жігіттер бойында да кездесетіні хақында [9, 25-28б.] сөз еткендіктен, бұл жерде қайталап жатпадық.

Жоғарыдағы ақын-жыраулар және Ақан сері сипаттаған он үш түрлі қасиетті ақын бабамыз Иасауи ұстанған сопылық ағымның негізгі төрт принципі (мақамы) аясында өрбітсек, онда біздіңше, **«Шариат»** – діннің заңдары мен әдет-ғұрыптардың жинағы, яғни мұсылмандыққа тән адамгершілік қасиетті баяндау арқылы жігіттер бойында осы 13 түрлі қасиеттің болуы (жинағы); екіншісі – **«Тариқат»** – сопылыққа жетелейтін жол, яғни имандылыққа, адалдыққа, әділдікке, татулыққа тәрбиелеу арқылы жігіттер бойындағы адамгершілік қасиеттердің көріністері (дін мен дәстүрді қастерлеуі); үшіншісі – **«Мағрифат»** – дін жолын танып, оқып білу, яғни жиған-терген, алған ілім-білімін насихаттау арқылы жігіттердің білімді, сөзі мен ісіне көркі сай келуі (білім, ғылым жолын меңгеруі); төртіншісі – **«Хақиқат/ақиқат»** – құдайға құлшылық екенін меңзеу, яғни діншіл болмаса да, аузынан еріксіз, саналы түрде шығатын «Бісімәлла», «Иә, Алла» деген сөздерді мойындауы (хақиқат/ақиқат) арқылы жігіттердің бойында иман нұры, ар тазалығы бары тұрғысында пайымдауға болады. Бір сөзбен айтқанда, ақын-жыраулар өлеңдеріндегі тіршілік кезеңдері, Ақан сері сипаттаған он үш түрлі қасиеттері және Абайдың «толық адам» концепциясы Иасауи ұсынған төрт принципі (ғақлия) аясында жинақталғанын, яғни адам өзін дамытып жетілдіруде, «тұлға» ретінде қалыптасуында *бақылау, бағалау, тәрбиелеу және тану* элементтері сатыларын басынан өткізетінін аңғару қиын емес.

Біздіңше, Хикметте және ақын-жырау жырларында сипатталған адамның әр кезеңіндегі осы қасиеттердің 60-70 пайызы адам бойында жинақталғанда ғана, олар (адам) адами құндылықтарды жүзеге асыратыны сөзсіз. Әрине, бұл біздің пайымдауымыз.

*Оқырман назарына:* ұлы Абай да Иасауи Хикметтерімен таныс болғандығын мына: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас,..» [10, 178-б.] – деген жолдардан аңғарамыз. Сондықтан Абай бесіктен, отбасынан басталатын адами құндылықтарды «Адам болсам десеңіз» деген негізгі өлшемдерін – «бес нәрсеге асық болу *(жақсылыққа ұмтылу)*, бес нәрседен қашық болу *(жаман әдеттен аулақ болу)*» деп, поэтикалық тұрғыдан жалпы адамзат баласының өмірлік кредосының айналасына топтастырады.

Абайша*, бес нәрсеге асық болу* – «жақсы» болу қасиеттерді меңгеру, *бес нәрседен қашық болу* – «жаман» қасиеттерден құтылу үшін адамзат бойындағы үш асыл қасиетті дұрыс меңгеру керектігіне үндеп, ақын:

«Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» [10, 148-б.], – деп жазса, енді бірде: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» [10, 76-б.], – деп, бойыңдағы адам болу өлшемінің осы үш қасиетін тең ұстасаң ғана «толық адамсың» деуінде үлкен мән, сыр жатыр. Сөйтіп, ақын «Адам болам десеңіз» деген өлшеміндегі өзі ұсынған ақыл, қайрат, жүректі 17-қарасөзінде [10, 295-297-бб.] нақтылай түсіп, ғылыми тұрғыдан жүректі бірінші орынға қою арқылы толық адам бола алады деп ой түйеді. Біздіңше, ұлы Абай адами құндылықтардың жиынтығын осы үш қасиетке жинақтаса, ал Иасауи оларды сопылық ағымның төрт принципі аясында түйіндейді.

Ұлы Абайдың «толық адам» тұжырымдамасы А.Иасауи дүниетанымында сипатталған «дертті адам», «топырақ адам», «садық болдым» («садық болдым» деген тіркесін біз «шыншыл, әділ» мәнінде қарап, «әділ адам)» тұлғаларымен үндесіп жатқанын аңғарамыз.

Жалпы, А. Иасауи шығармаларында көтерілген мәселелер өте күрделі, әрі жан-жақты, сан алуан тақырыпты қамтитынын ескерсек, оны бір-екі ғылым саласы, не бір мақала аясында талдау жасап, тұжырым жасау мүмкін еместігі баршаға түсінікті. Сондықтан зерттеу аясында Хикметтегі адамның әр кезеңдерін хал-қадірімізше оқырман назарына ұсынып, түркі халқының ортақ мақтанышы, мұсылман елінің рухани ұстазы, сопылық поэзияның негізін салушы, ғұлама ғалым А. Иасауи мұрасы әлі де болса өзекті екеніне көз жеткізілді.

**5 Қорытынды**

Қазақтың «Мен» дегізерлік қасиеттері» ұлт менталитетінің негізінің бірі болса, соның бастауы Иасауи ілімінде жатқанын көреміз. Олай болса, қазақ дүниетанымындағы ұлттық рухты айшықтап танытатын белгілердің бірі, яғни адамның жас ерекшеліктерін XVII-XX ғасырда өмір сүрген қазақтың кейбір ақын-жыраулары өмірден көрген-білген, түйген тәжірибелері арқылы бағамдаса, ал А.Иасауи Хикметінде өзі ұсынған сопылық ағымның негіздерін: ***біріншіден*** – сол кезеңдегі дәстүрлі қоғам мұраты *(шариат)*, ***екіншіден*** – ұрпаққа берілетін алғашқы білім негіздерінің бірі *(мағрифат)*; ***үшіншіден*** – ата-баба өсиетін сақтаушы және жеткізуші бірлік *(тариқат)*; ***төртіншіден*** – ата-баба сақтап қалған бірлікті тану, мойындау *(хақиқат)*, әрбір ұрпақтың парызы екенін адамның тіршілік кезеңдерімен, яғни «әділ адам» аясында ЖҮЙЕЛЕП қарастырады. Бұл бір жағынан, ақын мұрасы жоғарыда аталған жүйеден ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық тәлім-тәрбиенің күні бүгінге дейін өз мәнін жоймағанын көреміз. Екіншіден, Қ.А. Иасауи Хикметіндегі адамның әр кезеңдеріне жасаған шолуларын, адамның жастық шақтарын жеке тұлғаның қалыптасуын, ұрпақ тәрбиелеу жолдары ретінде қазіргі көзқараспен сараласақ, ақынның рухани адамгершілік құндылықтарын тарихи-танымдық бағытта жүйелеу болып табылады. Сонымен, қазақтың **«МЕН»** дегізерлік адами құндылықтар қасиеттерін ИАСАУИТАНУ ілімімен сабақтастырғанда, түркі (қазақ) және әлем әдеби-мәдени тарихымен, сондай-ақ, бүгінгі жаһандану үрдісінде Қ.А.Иасауи еңбектерін түрлі ғылым салаларымен байланыстырып зерттегенде, оның жан-жақты қырлары айқындала түсетіні сөзсіз.

**Әдебиеттер тізімі**

1 Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет (Ақыл кітабы) – Жинақты баспаға әзірлеп, қазақшаға аударғандар: М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – А.: «Мұрттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993. – 262 б.

2 Қожа Ахмет Иассауи. Диуани хикмет (Даналық жолы). Аударған. С. Битенов – А.: «Сөздік-Словарь», 2004.-196-б.//https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=417697&simple= true#-Электронды каталогтан – қараған күні – 16.08.25ж.

3 Тоқаев Қ.-Ж. Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі//akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727 – қараған күні – 27.09.25ж.

4 Қожанұлы М. Қазақ этнонимдер жүйесі (Қазақстанның батыс өңірі этнонимдеріне қатысты тарихи, шежіре және тілдік деректер негізінде) – Монография/Өңделген, толықт., 2-басылым. – Астана, 2024. – 522 б.

5 «Құран Кәрим» қазақша мағына және түсінігі. Ауд.: Халифа Алтай.; Өңд.: Дәлелхан Жаналтай.; Ред.: Абдұрраһим Алтай/Құран Шәрифтің қазақша аудармасының басылымы – Фаһд Патшаны Құран Шәриф басым комбинаты. – Сауд Арабия., 1991. – 604 б., қосым. – 58-б.

6 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Оқулық. – А.: «Ана тілі», 1991. – 264-б.

7 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық./Жауапты шығарушы М. Байділдаев (ҚазССР ҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты). – 1-т./Құраст. М. Мағауин, М. Байділдаев – А.: Жазушы, 1984. – 256 б. суретпен көркемд.; Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық./Жауапты шығарушы М. Байділдаев (ҚазССР ҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты). – 2-т./Құраст. М. Байділдаев, М. Мағауин – А.: Жазушы, 1984. – 336 б.

8 Бүгінде ұмыт болып бара жатқан адамның жас атауларын білесіз бе?//https://kaz.nur.kz/1834088-bginde-myt-bolyp-bara-zatkan-adamny-zas-ataularyn-bilesiz-be.html – қараған күні – 04.08.25ж.

9 Қожанұлы М., Қожан М.М., Қожан С.Ж., Қожан Е.М. // Особенности казахского этикета в бизнес среде // Polish journal of science. № 10, 2018, с.25-28.

10 Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – А., 1995. – 384 б.

**ҚОЖАНҰЛЫ, М.**

**НЕСКОЛЬКО СЛОВ О ВОЗРАСТНЫХ ОСОБЕННОСТЯХ ЧЕЛОВЕКА** ***(по произведению А. Иасауи «ДИУАНИ ХИКМЕТИ» (КНИГА МУДРОСТИ)***

*В статье рассматриваются возрастные особенности человека в контексте казахских нравственных качеств, связанных с понятием «Я», на примере произведения «Диуани Хикмет» Ходжи Ахмета Ясауи, представителя суфийской поэзии в отечественной литературе. Автор отмечает, что Ходжа Ахмет Яссауи в «Хикмете» осмысливал различные этапы жизни человека, опираясь на основы суфийского течения ислама, тогда как некоторые казахские акыны и жырау, жившие в XVII–XX веках, оценивали эти же этапы через призму собственного жизненного опыта, наблюдений и размышлений. Рассматривая возрастные особенности человека, поднятые в «Хикмете», автор условно соотносит их с четырьмя поколениями (молодой жигит, ага, отагасы, жигит-агасы) и проводит сравнительный анализ отдельных жизненных этапов этих поколений с творчеством казахских акынов и жырау XVII–XX веков.*

*Как известно, и великий Абай, и поэты-жырау, жившие в XIX-XX веках, были знакомы с наследием нашего предка Х.А. Ясави, но особый интерес к учению Ясауи в казахской среде начался с 1990-х годов, став научным феноменом в отечественной науке. В перспективе, по мнению автора, при сопоставлении казахских гуманистических качеств, связанных с понятием «Я», с учением яссауизма и человеческими ценностями, выраженными в песнях акынов и жырау, можно будет предложить новые взгляды и научные выводы, обоснованные как в рамках тюркской (казахской), так и мировой литературы.*

***Ключевые слова:*** *Ходжа Ахмед Ясави, книга «Диуани Хикмет», этапы жизни человека (возрастные особенности), человеческие качества, понятия "Я", четыре принципа суфийского течения: шариат, магрифат, тарикат и хакикат, Ясавиведение.*

**KOZHANULY, M.**

**A FEW WORDS ABOUT THE AGE CHARACTERISTICS OF A PERSON** ***(based on the work of A. Yasawi "DIWANI HIKMETI" (BOOK OF WISDOM)***

*The article examines the age-related characteristics of a person through the prism of Kazakh moral values and the concept of the "Self" as reflected in Diwani Hikmet, a collection of Sufi poetry by Khoja Ahmed Yasawi. The author argues that Yasawi, in his Hikmets, explored various stages of human life within the framework of the Sufi tradition of Islam. At the same time, Kazakh akyns and zhyrau of the 17th–20th centuries interpreted these stages through their own life experiences, observations, and philosophical reflections. The study analyzes the age characteristics described in Hikmet and conditionally divides them into four generational stages – the young zhigit, the aga, the otagasy, and the zhigit-agasy – comparing these stages with the works of Kazakh poets and zhyrau from the 17th–20th centuries. As is well known, both the great Abai and the zhyrau poets of the 19th–20th centuries were familiar with the legacy of our ancestor Khoja Akhmet Yasawi. However, the scholarly interest in Yasawi's teachings in Kazakhstan emerged only in the 1990s, becoming a significant phenomenon in national research. In the future, a comparative study of Kazakh moral qualities – the concept of the "Self" – with Yasawi studies and the humanistic values reflected in the poetic heritage of akyns and zhyrau may offer new perspectives and scientific interpretations in Turkic (Kazakh) and world literature.*

***Key words:*** *Khoja Ahmed Yasawi, Diwani Hikmet, stages of human life (age characteristics), human qualities, concepts of "Self", the four principles of the Sufi movement: shariat, maghrifat, tariqat and hakiqat, Yasawi studies.*

**Автор туралы мәліметтер:**

***Қожанұлы Манасбай*** *– филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.*

***Қожанұлы Манасбай*** *– кандидат филологических наук, профессор, Национальный университет обороны Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан.*

***Kozhanuly Manasbay*** *– Candidate of Philological Sciences, Professor, National Defense University of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan.*

ӘОЖ 16.215

***Шолпанбаева, Г.А.,***
*педагогика ғылымдарының магистрі,*
*филология және практикалық лингвистика*
*кафедрасының аға оқытушысы,*
*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,*
*Қостанай қ., Қазақстан Республикасы*
***Адилов, Н.Е.,***
*«Аударма ісі (ағылшын тілі)» ББ 1 курс студенті,*
*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,*
*Қостанай қ., Қазақстан Республикасы*

# КИІЗ ҮЙ КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ КИЕЛІ МҰРАСЫ

***Түйін***

*Экожүйеге бейімделу, шаруашылық пен мәдени типтерді қалыптастыру үдерісінде көшпелілер адамзат өркениетіне теңдесі жоқ құндылықтардың бірі – қазақтың киіз үйін дүниеге әкелді. Киіз үй – қазақ халқының сан ғасырлық мәдениетінің айшықты көрінісі, рухани және тұрмыстық тәжірибесінің жинақталған мәні. Қазақтың бүкіл өмір салты киіз үймен тығыз байланысты болғандықтан, оның күнделікті тіршіліктегі орны айрық-*

# МАЗМҰНЫ


**БІЛІМ БЕРУ**

*Бекбулатова, А.Б.* «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МЕДИАСАУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ..... 3

*Елеусизова, Г.А., Утегенова, Б.М.* БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҰЖЫМДЫҚ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ ..... 8

*Казкенова, М.С., Утегенова, Б.М.* ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАСАҚ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ МОДЕЛІ РЕТІНДЕ ..... 16

*Карпова, К.В., Калимжанова, Р.Л.* ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ МАЗАСЫЗДЫҒЫН ТӨМЕНДЕТУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАРЫ ..... 26

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ**

*Әбсадық, А.А., Симонова, А.С.* Б. МАНСҰРОВТЫҢ «СҰЛТАН БЕЙБАРС» ФИЛЬМІНДЕГІ ОТАН МЕН ТҮБІРІН ІЗДЕУ ТАҚЫРЫБЫ ..... 34

*Қожанұлы, М.* АДАМНЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ ..... 38

*Шолпанбаева, Г.А., Адилов, Н.Е.* КИІЗ ҮЙ КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ КИЕЛІ МҰРАСЫ ..... 50

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ**

*Майер, Ф.Ф., Нарижняя, И.И.* КАРАТЕОДОРИЯНЫҢ ЕРЕКШЕ ТҮРІНІҢ БІР ФУНКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ..... 55

*Тажиев, С.Р., Тоқтар, Ә.Т., Нұрғазиева, А.А., Мұртазин, Е.Ж.* ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚЫРҒЫЗ АЛАТАУЫНЫҢ ЕТЕГІНДЕГІ ЖЕРАСТЫ СУЛАРЫНЫҢ РЕСУРСТЫҚ ӘЛЕУЕТІ ..... 64

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ**

*Бабич, Е.А., Швецова, Т.В., Мухтаров, Н.С.* СЫЗЫҚТЫҚ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫ САУЫН МАЛ ОТАРЫНДА ПАЙДАЛАНУ ..... 73

*Мухтаров, Н.С., Елеуов, Б.М., Адырбаев, Е.М., Балабаев, Б.К.* СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДА КҮЗДІК БИДАЙ ЕГІСТЕРІНЕ ФУНГИЦИДТЕРДІҢ ӘСЕРІ ..... 80

*Мухтаров, Н.С., Елеуов, Б.М., Адырбаев, Е.М., Балабаев, Б.К.* СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДА РАПС ЕГІСТЕРІНДЕ ИНСЕКТИЦИДТЕРДІҢ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ ..... 90

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР**

*Байжанова, Л.А.-Н.* ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕТ ӨНДІРІСІ САЛАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ: АЙМАҚТЫҚ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ ..... 101

***МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ҚҰТТЫҚТАУЛАР*** ..... 108

***АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА*** ..... 110

# *СОДЕРЖАНИЕ*


## *ОБРАЗОВАНИЕ*

*Бекбулатова, А.Б.* ЗНАЧЕНИЕ МЕДИАГРАМОТНОСТИ УЧЕНИКОВ В РЕАЛИЗАЦИИ КОМПЛЕКСНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ «АДАЛ АЗАМАТ» ..... 3

*Елеусизова, Г.А., Утегенова, Б.М.* РОЛЬ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ИСПОЛЬЗОВАНИИ СТРАТЕГИЙ ОРГАНИЗАЦИИ КОЛЛЕКТИВНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ ..... 8

*Казкенова, М.С., Утегенова, Б.М.* ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ОТРЯД КАК МОДЕЛЬ ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ..... 16

*Карпова, К.В., Калимжанова, Р.Л.* ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ СТРАТЕГИИ СНИЖЕНИЯ ТРЕВОЖНОСТИ СТУДЕНТОВ В ВУЗЕ ..... 26

## *ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО*

*Әбсадық, А.А., Симонова, А.С.* ТЕМА РОДИНЫ И ПОИСКА ИСТОКОВ В ФИЛЬМЕ Б.МАНСУРОВА «СУЛТАН БЕЙБАРС» ..... 34

*Қожанұлы, М.* НЕСКОЛЬКО СЛОВ О ВОЗРАСТНЫХ ОСОБЕННОСТЯХ ЧЕЛОВЕКА ..... 38

*Шолпанбаева, Г.А., Адилов, Н.Е.* ЮРТА – СВЯЩЕННОЕ НАСЛЕДИЕ КОЧЕВОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ ..... 50

## *ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ*

*Майер, Ф.Ф., Нарижняя, И.И.* ОБ ОДНОЙ ФУНКЦИИ КАРАТЕОДОРИ СПЕЦИАЛЬНОГО ВИДА ..... 55

*Тажиев, С.Р., Тоқтар, Ә.Т., Нургазиева, А.А., Муртазин, Е.Ж.* РЕСУРСНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ПОДЗЕМНЫХ ВОД ПРЕДГОРИЙ КЫРГЫЗСКОГО АЛАТАУ В ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ ..... 64

## *СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ, ВЕТЕРИНАРНЫЕ НАУКИ*

*Бабич, Е.А., Швецова, Т.В., Мухтаров, Н.С.* ЛИНЕЙНАЯ ОЦЕНКА ЭКСТЕРЬЕРА И ЕЁ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ В СТАДАХ МОЛОЧНОГО СКОТА ..... 73

*Мухтаров, Н.С., Елеуов, Б.М., Адырбаев, Е.М., Балабаев, Б.К.* ДЕЙСТВИЕ ФУНГИЦИДОВ В ПОСЕВАХ ПШЕНИЦЫ ОЗИМОЙ В УСЛОВИЯХ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА ..... 80

*Мухтаров, Н.С., Елеуов, Б.М., Адырбаев, Е.М., Балабаев, Б.К.* ОЦЕНКА ВОЗДЕЙСТВИЯ ИНСЕКТИЦИДОВ НА ПОСЕВЫ РАПСА В УСЛОВИЯХ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА ..... 90

## *СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ*

*Байжанова, Л.А.-Н.* ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ПОТЕНЦИАЛ МЯСНОЙ ОТРАСЛИ КАЗАХСТАНА: РЕГИОНАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ И МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ ..... 101

***ЮБИЛЕЙНЫЕ ПОЗДРАВЛЕНИЯ*** ..... 108

***ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ*** ..... 113

# CONTENT


***EDUCATION***

*Bekbulatova, A.B.* IMPORTANCE OF STUDENTS' MEDIA LITERACY IN THE IMPLEMENTATION OF THE "ADAL AZAMAT" COMPREHENSIVE EDUCATIONAL PROGRAM ..... 3

*Yeleussizova, G.A., Utegenova, B.M.* THE ROLE OF DIGITAL TECHNOLOGIES IN USING STRATEGIES FOR ORGANIZING COLLECTIVE INTERACTION IN PRIMARY SCHOOLS ..... 8

*Kazkenova, M.S., Utegenova, B.M.* PEDAGOGICAL TEAM AS A MODEL OF PRACTICE-ORIENTED TRAINING FOR FUTURE TEACHERS ..... 16

*Karpova, K.V., Kalimzhanova, R.L.* PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL STRATEGIES FOR REDUCING STUDENTS' ANXIETY IN HIGHER EDUCATION ..... 26

***HUMANITIES AND ARTS***

*Absadyk, A.A., Simonova, A.S.* THE THEME OF HOMELAND AND THE SEARCH FOR ROOTS IN B. MANSUROV'S FILM "SULTAN BEIBARS" ..... 34

*Kozhanuly, M.* A FEW WORDS ABOUT THE AGE CHARACTERISTICS OF A PERSON ..... 38

*Sholpanbayeva, G.A., Adilov, N.Ye.* YURT IS A SACRED HERITAGE OF A NOMADIC CIVILIZATION ..... 50

***NATURAL SCIENCES***

*Mayer, F.F., Narizhnyaya, I.I.* ON A SPECIAL TYPE OF CARATHÉODORY FUNCTION ..... 55

*Tazhiyev, S.R., Toktar, A.T., Nurgaziyeva A.A., Murtazin Ye.Zh.* GROUNDWATER RESOURCE POTENTIAL OF THE FOOTHILLS OF THE KYRGYZ ALATAU IN THE ZHAMBYL REGION ..... 64

***AGRICULTURAL, VETERINARY SCIENCES***

*Babich Ye.A., Shvetsova T.V., Mukhtarov N.S.* LINEAR BODY CONFORMATION ASSESSMENT AND ITS USE IN DAIRY CATTLE HERDS ..... 73

*Mukhtarov, N.S., Yeleuov, B.M., Adyrbayev, Ye.M., Balabayev, B.K.* THE EFFECT OF FUNGICIDES ON WINTER WHEAT CROPS IN THE CONDITIONS OF NORTHERN KAZAKHSTAN ..... 80

*Mukhtarov, N.S., Yeleuov, B.M., Adyrbayev, Ye.M., Balabayev, B.K.* ASSESSMENT OF THE IMPACT OF INSECTICIDES ON RAPESEED CROPS IN THE CONDITIONS OF NORTHERN KAZAKHSTAN ..... 90

***SOCIAL SCIENCES***

*Baizhanova, L.A.-N.* INVESTMENT POTENTIAL OF KAZAKHSTAN'S MEAT INDUSTRY: REGIONAL ANALYSIS AND INTERNATIONAL EXPERIENCE ..... 101

***ANNIVERSARY CONGRATULATIONS*** ..... 108

***INFORMATION FOR AUTHORS*** ..... 116

**Редактор, корректор:** *А. Симонова*
**Корректорлар:** *Б. Сыздыкова, Т. Цай*
**Компьютерлік беттеу:** *С. Красикова, И. Милокумова*

**Редактор, корректор:** *А. Симонова*
**Корректоры:** *Б. Сыздыкова, Т. Цай*
**Компьютерная верстка:** *С. Красикова, И. Милокумова*

Басуға 08.10.2025 ж. берілді.
Пішімі 60х84/8. Көлемі 9,0 б.т.
Тапсырыс № 031

Ахмте Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университетіндегі
редакциялық-баспа бөлімінде басылған
Қостанай қ., Байтұрсынов к., 47

Подписано в печать 08.10.2025 г.
Формат 60х84/8. Объем 9,0 п.л.
Заказ № 031

Отпечатано в редакционно-издательском отделе
Костанайского регионального университета
имени Ахмет Байтұрсынұлы
г. Костанай, ул. Байтурсынова, 47